



Қосшыда биыл бесінші мәрте өткелі отырған жастардың ең ауқымды жобаларының бірі – дәстүрлі «Қосшы аруы-2026» сұлулық байқауына іріктеу басталды.

Бас жүлде – Дубайға жолдама! Оған қаламыздың 18-25 жас аралығындағы өнерлі, сұлу, талантты арулары арасынан ең лайықтысы таңдалады.

Іріктеу мерзімі: 1-10 ақпан аралығы. Қосымша ақпарат: қалалық жастар ресурстық орталығы.

Байланыс нөмірі: +7 (747) 285 37 56.



Құрметті Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылының тұрғындары! Қанат Әлжапбаров сахнада жүргеніне 15 жыл толуына орай, қазір еліміздің облыс орталықтарын аралап, халыққа керемет көңіл күй сыйлап жүр. Осы жолы Қосшы қаласына ат басын бұрмақ.

Өтетін орны: Қоғамдық мәдени-спорт кешені

Өтетін күні: 10 ақпан, 2026 жыл.

Басталуы: 18:30.



Көрерменнің көңілінен шыққан, елге танымал «Алдараспан» театры – Қосшы қаласында!

Сахнада – шынайы өмірден алынған күлкілі көрініс, өткір әзіл, тапқыр қалжың және көтеріңкі көңіл күй!

Өтетін орны: Қосшы қаласы, Республика көшесі, 11.

Күні: 6 наурыз.

Басталатын уақыты: 18:00 және 20:00.

Байланыс телефоны:

8 707 603 00 98.

№5 (195) 7 АҚПАН СЕНБІ 2026 ЖЫЛ ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ 22 АҚПАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

Жаңа Конституция жобасы: ДЕПУТАТТАР ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНДА ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Қосшы қаласында Мәдениет және ақпарат министрлігі мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының ұйытқы болуымен өткен сараптамалық кездесуде «Қазақстан Республикасының жаңа конституциясының жобасы және кешенді реформалар» тақырыбы талқыланды. Бұл басқосу жай ғана жиын емес, мемлекеттің «әділ, құқықтық және адамға бағдарланған» моделіне көшуінің нақты көрінісіне айналды.



Маңызды шараға Сенат депутаты Геннадий Шиповских, Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры Ермек Әбдірасұлов, Қолданбалы этносоәяси зерттеулер институтының директоры Луиза Узарова, Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының қорытынды-аналитикалық сектор

меңгерушісі, саяси ғылымдарының кандидаты Дастан Көшербаев, Қосшы қаласының белсенді азаматтары мен ақ жағалылары қатысты.

Жиынды ашқан Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев бұл кездесудің стратегиялық маңызына тоқталды.

– Құрметті қонақтар, Қосшы қаласына қош келдіңіздер! Мәні мен маңызы жоғары жиын ашық, әрі

қоғамдағы орны бөлек мәселені оңтайлы шешуге үлес қосады деп сенемін, – деді қала басшысы.

Содан кейін Сенат депутаты Геннадий Шиповских реформалардың заңдық негізі мен ақпараттық тазалық мәселесін көтерді. Ол президенттің Құрылтайдағы бастамаларын еске сала отырып, азаматтарды сақ болуға шақырды.

– Бүгінгі басқосу ашық, еркін форматта ұйымдас-

тырылып отыр екен. Сондықтан сіздердің тараптарыңыздан болатын ұсыныстар болса, тыңдауға әзірміз. Біз өзгеріс, дамудың жаңа сатысындамыз. Тек осы жерде ерекшеліп айтып өтетін жайт, жаңа, жалған ақпараттарға сенбесеңіздер екен. 95 бап, 11 бөлімнен тұратын жаңа конституциялық жоба жақында ғана әлеуметтік ашық алаңда пайда болғалы, біршама азаматтың пікірі мен көзқарастарын көріп, біліп жатырмыз. Кез келген сапалы заңның шығуы жергілікті тұрғындардың сұранысы мен ұсынысына қарай құрылады, – деді депутат.

Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова болса, Ата заңның заман ағымына икемделуге тиіс екенін, әсіресе технологиялық және экологиялық аспектілердің маңыздылығын атап өтті.

– Конституция – күнделікті өмір, балаларымыздың болашағымен байланысты жоба. Әлем жылдам өзгеріп жатыр. Сондықтан қазақ халқы да сол өзгерістен шетте қалмай, жаңашылдыққа ұмтылуы шарт. Осыдан үш жыл бұрын жасанды интеллект арқылы жұмысты жеңілдетіп, ақпаратты тез өңдеуге болады деп еш ойламадық. Бірақ бұл өзгеріске де бой үйреттік. Жаһандық өзгерістер де бізді айналып өтіп жатқан жоқ. Бұрын Конституция принциптерінде экологиялық мәселелер көтерілмеген еді. Жаңа жобадан бұл тақырып шетте қалмады. Білім, ғылым, инновация, технологияның дамуы да басты назарда болмақ, – деді Екатерина Смолякова.

Жиында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры Ермек Әбдірасұлов Ата заңға өзгерістер енгізудің әлемдік тәжірибесіне де талдау жасап өтті. Сарапшының пікірінше, заңның өзгеруі оның әлсіздігі емес, заман талабына сай динамикалық дамуының белгісі.

– Заманның сұранысына сай, Конституцияның өзгеріп отыруы – заңдылық. Францияның өзінде Ата заңға 28 рет, Германияда 66 рет өзгеріс енгізілген. Қазір ең басты ресурс – энергиялық емес, интеллектуалдық ресурстар. Сондықтан осы жағын да баса ескеруіміз керек, – деді ол.

Гүлназ БИСЕН

Мәслихат мән берген мәселелер шешіліп жатыр

Қосшы қаласының мәслихат депутаттары сайлаушылардың үмітін ақтау үшін жергілікті атқарушы органдармен, Сенат, Мәжіліс, облыстық мәслихат депутаттарымен бітеқайнаса қызмет атқарып отыр. Сондай-ақ түйткілді мәселелерді шешуде жергілікті қоғамдық кеңес мүшелерімен, қоғам белсенділерімен, қаламыздың аға буын және партия өкілдерімен өзара ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді.

Депутаттық корпусты былтыр негізгі міндеттері бойынша нәтижелі жұмыс істеді деп айтуға толық негіз бар. Мәслихаттың 18 сессиясы ұйымдастырылып, 66 мәселе бойынша шешім қабылданды. Тұрақты комиссиялардың 21 отырысы өтіп, ол бой-

ынша 60 қаулы қабылданды. Бұдан өзге де көптеген отырыс пен депутаттық сағаттар ұйымдастырылды.

Депутаттарымыз 2025 жылы азаматтарды 57 мәрте жеке мәселелері бойынша қабылдап, тұрғындармен 20-дан аса кездесуге

қатысты. Әр кездесуде – халықтың мұң-мұқтажы, азаматтардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, ол бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізілді.

(Жалғасы 3-бетте)



ТОО «Kaz Net Group», БИН 131040028147 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул. Динмухамед Қонаев, д. 33. т.: 8 700 606 77 02

«Kaz Net Group» ЖШС, БСН 131040028147 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 33 үй. т.: 8 700 606 77 02

ТОО «GDS Север», БИН 231140011672 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр, ул. Шара Жиенқұлова, зд. б. т. 8 702 152 62 00

«GDS Север» ЖШС, БСН 231140011672 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Шара Жиенқұлова көшесі, 6 ғимарат. т.: 8 702 152 62 00

ТОО «Fluky deal», БИН 190340017359 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр, улица Амангелді Иманов, здание 26. т.: 8 778 788 36 74

«Fluky deal» ЖШС, БСН 190340017359 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов көшесі, 26 ғимарат. т.: 8 778 788 36 74

ТОО «ERA finance group», БИН 160440026772 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, пр. Бауыржан Момышұлы, д.8/1, кв. 67 т.: 8 747 221 57 47

«ERA finance group» ЖШС, БСН 160440026772 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 8/1 үй, 67 п. т.: 8 747 221 57 47

ТОО «М-Нурлан», БИН 211240002287 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, улица Кенен Азирбаев, д.8, кв. 152. т.: 8 702 152 62 00

«М-Нурлан» ЖШС, БСН 211240002287 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Кенен Азирбаев көшесі, 8 үй, 152 п. т.: 8 702 152 62 00

ТОО «Capital Go», БИН 180440037573 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр, ул. Амангелді Иманов, здание 19. т.: 8 707 254 69 85

«Capital Go» ЖШС, БСН 180440037573 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов көшесі, 19 ғимарат. т.: 8 707 254 69 85

ТОО «Шеф-тур», БИН 150340002620 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Костанай, улица Чехова, д.94, кв. 28. т.: 8 777 212 39 91

«Шеф-тур» ЖШС, БСН 150340002620 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Чехов көшесі, 94 үй, 28 п. т.: 8 777 212 39 91

ТОО «Invest Family», БИН 240640015008 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул. Туркестан, д.8, офис 151. тел.: 8 775 338 23 15.

«Invest Family» ЖШС, БСН 240640015008 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Туркестан көшесі, 8 үй, 151 кеңсе. т.: 8 775 338 23 15.

ТОО «MEGA ARZAN company», БИН 200640014875 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, улица Қаныш Сәтбаев, здание 9, н.п.1 т.: 8 702 152 62 00

«MEGA ARZAN company» ЖШС, БСН 200640014875 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 9 ғимарат. т.: 8 702 152 62 00

ТОО «Биик плюс» БИН 090540014033 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул. Кенесары, д.1, офис 289.тел.: 8 705 595 11 59

«Биик плюс» ЖШС, БСН 090540014033 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 1 үй, 289 кеңсе. т.: 8 705 595 11 59

ТОО «GastroliTur» БИН 250940028062 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-Сарайшық, ул. Сағадат Нурмағамбетов, д.25, офис 169. тел.: 8 776 555 50 07

«GastroliTur» ЖШС, БСН 250940028062 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Сағадат Нурмағамбетов көшесі, 25 үй, 159 кеңсе. т.: 8 776 555 50 07

ТОО «МАКС КОНСТРАКШН» БИН 250540012001 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Е 117, д.59, офис 169. тел.: 8 708 263 45 38

«МАКС КОНСТРАКШН» ЖШС, БСН 250540012001 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Е 117 көшесі, 59 үй, 169 кеңсе. т.: 8 708 263 45 38

ТОО «SDS 01» БИН 180340027087 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул. Илияс Есенберлин, д.6, офис 1. тел.: 8 775 950 90 80

«SDS 01» ЖШС, БСН 180340027087 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Илияс Есенберлин көшесі, 6 үй, 1 кеңсе. т.: 8 775 950 90 80

ТОО «Темир Строй-2025» БИН 251240011104 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, пр. Бауыржан Момышұлы, д.4 тел.: 8 701 181 80 82

«Темир Строй-2025» ЖШС, БСН 251240011104 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 4 үй. т.: 8 701 181 80 82

ТОО «Letter A», БИН 171040036105 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул. Желтоқсан, д.2/1, кв. 61 т.: 8 707 114 20 50

«Letter A» ЖШС, БСН 171040036105 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 2/1 үй, 61 п. т.: 8 707 114 20 50

ТОО «TrustShop» БИН 251040028082 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Динмухамед Қонаев, д.14/2, кв. 8. тел.: 8 700 980 25 37

«TrustShop» ЖШС, БСН 251040028082 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 14/2 үй, 8 пәтер. т.: 8 700 980 25 37

ТОО «BIS CORP», БИН 170340033057 сообшаа о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул. Е 652, д.12, кв. 101. тел.: 8 775 749 74 95

«BIS CORP» ЖШС, БСН 170340033057 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Е 652 көшесі, 12 үй, 101 пәтер. т.: 8-775-749-74-95

2017 жылғы 22 қаңтардағы №169 сатып алу-сату шарты (Байбекова А.Р. атына рәсімделген), орналасқан мекенжайы: Астана қаласы, Алматы ауданы, Р.Қошқарбаев көшесі, 37-үй, 387-пәтер, кадастрлық нөмірі: 21:318-089:1002:37:387; сондай-ақ меншік иесінің өз бетінше салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісі және 2019 жылғы 18 сәуірдегі №1563 ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісімі жоғалған деп танылып, жарамсыз деп есептелсін. Тел.: 8 778 585 81 81

Утеранный договор купли-продажи номер 169 от 22.01.2017г., на имя Байбековой А.Р, находящийся по адресу: г.Астана, р-н Алматы, ул.Р.Қошқарбаев,д.37, кв.387, кад.номер 21:318-089:1002:37:387; акт о приемке построенного объекта в эксплуатацию собственником самостоятельно; соглашение о разделе общего имущества супругов номер 1563 от 18.04.2019г. считать не действительными.тел.: 8 778 585 81 81

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұрғындар!

«City Transportation Systems» ЖШС Астана қаласының жеңіл рельсті көлік (ЖРК) желісін (депо) салу және пайдалану жөніндегі 3-санаттағы жоспарланып отырған қызметке қатысты Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша қоғамдық тыңдаулардың жария талқылаулар нысанында басталатыны туралы хабарлайды.

Нысанның орналасқан мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 117.

Жария талқылаулар 2026 жылғы 16 ақпаннан 20 ақпанға дейін (қоса алғанда) Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында өтеді: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жобалық материалдар порталға орналастырылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады. Барлық мүдделі

тұлғаларды қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырамыз. Жобалық құжаттаманың тапсырыс берушісі – «City Transportation Systems» ЖШС, БСН: 110540005586. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9-үй. Тел.: +7 747 217 01 88, e-mail: office@cts.gov.kz.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің әзірлеушісі – «EcoProf KZ» ЖШС, БСН: 131240019006. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Аманжолов көшесі, 17/3-үй. Тел./факс: +7 (7212) 41-61-91, e-mail: info@ecoprofkz.kz.

Экологиялық порталға сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/>

Қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайлары мен байланыс телефондары: office@cts.gov.kz, info@ecoprofkz.kz, тел.: +7 701 594 05 94.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители!

ТОО «City Transportation Systems» сообшаа о начале проведения общественных слушаний в форме публичных обсуждений на портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов по Разделу охраны окружающей среды (РООС) к намечаемой деятельности 3 категории по строительству и эксплуатации линии лёгкого рельсового транспорта (ЛРТ) города Астаны (Депо). Расположенной по адресу г. Астана, проспект Кабанбай батыра, 117

Публичные обсуждения будут проходить на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> в период с 16.02.2026 по 20.02.2026 включительно. Проектные материалы будут доступны в течение 5 рабочих дней на портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов.

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

Заказчик проектной документации - ТОО «City Transportation Systems». БИН 110540005586. Юридический адрес: Казахстан, г. Астана, улица Бейбитшилик, дом 9, Тел.: +77472170188, e-mail: office@cts.gov.kz

Разработчик раздела охраны окружающей среды - ТОО «EcoProf KZ», БИН 131240019006. Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Аманжолова, д. 17/3. тел./факс: +7 (7212) 41-61-91, email: info@ecoprofkz.kz

Ссылка на экологический портал: <https://ndbecology.gov.kz/>.

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: office@cts.gov.kz, info@ecoprofkz.kz; +77015940594.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Ақмола облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2025 жылғы қызмет қорытындылары туралы

2025 жыл қорытындылары бойынша, департамент 93 аудиторлық іс-шара жүргізді. Соның нәтижесінде қаржылық есептілік аудитін және мемлекеттік сатып алуларды есепке ала отырып, жалпы сомасы 192 млрд 539 млн теңге болатын бұзушылықтар анықталды.

Оның ішінде:

- 3 млрд 309 млн теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар;
- 189 млрд 234 млн теңге сомасында рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу – 1 млрд 924 млн теңге.
Бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген қаржылық бұзушылықтардың жалпы

сомасынан: жалпы сомасы 3 млрд 309 млн теңге қалпына келтіруге, есепке алуға және бюджетке өтеуге жатады. Оның ішінде 1 млрд 851 млн теңге немесе 55,9% сомасында бұзушылықтар жойылды.

Есептік кезеңдегі аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша:

- тексерілетін субъектілерге бұзушылықтарды жою бойынша 83 нұсқау жолданды (бүгінде олардың 55-і орындалды).

Жол берілген бұзушылықтар үшін 73 лауазымды адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оларға әкімшілік құқықбұзушылық туралы 605 хаттама жасалып, жалпы сомасы 54 млн теңге айыппұл салынып, толығымен бюджетке өтелді.

2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауы бойынша кандидаттарды тіркеу туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 06 ақпандағы Тайтөбе ауылының әкімі болуға кандидаттарды тіркеу туралы шешімі негізінде Тайтөбе ауылының әкімі болуға кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлаймыз:

Ақашев Айдос Қабылдайұлы - 1987 жылы туған, «Қосшы қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ бас маманының м. а., Астана қаласында тұрады, өзін-өзі ұсыну

арқылы ұсынылған.

Ахметов Рүстем Мұратбекұлы – 1981 жылы туған, «Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің аппараты» ММ бас маманы, Тайтөбе ауылында тұрады, «Аманат» партиясы ұсынған.

Нұрлан Зархомұлы Сикумбаев - 1965 жылы туған, «Қосшы қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бас маманы, Қосшы қаласында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған.

Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясы

Сообщение о регистрации кандидатов по выборам акима села Тайтөбе города Косшы, назначенных на 1 марта 2026 года

Рассмотрев поступившие в соответствии со статьей 113-5 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» документы, на основании решения Косшинской городской территориальной избирательной комиссии о регистрации кандидатов в акимы села Тайтөбе от 06 февраля 2026 года, сообщаем о регистрации кандидатами в акимы села Тайтөбе:

Ақашев Айдос Кабылдаевич – 1987 года рождения, и.о. главного специалиста ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Косшы», проживает в городе Астана, выдвинут путем самовыдвижения.

Ахметов Рустем Муратбекович – 1981 года рождения, главный специалист ГУ «Аппарат акима села Тайтөбе города Косшы», проживает в селе Тайтөбе, выдвинут партией «Аманат».

Сикумбаев Нурлан Зархомович – 1965 года рождения, главный специалист ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции города Косшы», проживает в городе Косшы, выдвинут путем самовыдвижения.

Косшинская территориальная избирательная комиссия

Мәслихат мән берген мәселелер шешіліп жатыр

(Басы 1-бетте)

Осындай кездесулердің нәтижесінде көпшілік тарапынан қойылған сұрақтарды ескере отырып, Парламентке, облыстық басқармаларға, қала әкіміне, әкімнің орынбасарларына, құзырлы органдарға, әкімдіктің түрлі бөлімдеріне және т.б. мекемелерге 90 депутаттық сауал жолданды. Оның 90%-на жауап берілді. Барлық депутаттық сауалдың 70%-ы бойынша нақты шешім қабылданды.

Тұрғындармен кездесуде айтылған мәселелер қатарында шешімін таппағандары да бар. Мысалы, иесіз иттер мен мысықтарды заңды түрде залалсыздандыру жұмыстары көпшілікті қанағаттандырмайды. Бұл туралы мәселе қала құрылғалы бері көтеріліп келеді. Тек өткен жылдың өзінде мәслихат төрағасы Әлихан Қуатбеков депутат Ирина Осиповамен бірге Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы Б. Жүсіповке, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы А. Шүгірмақоваға, ветеринария басқармасының басшысы Т. Жүнісовке де депутаттық сауал жолдаған болатын.

Көптен бері «Лесная поляна» тұрғын алабы үйлері жертелелерінің инженерлік-техникалық бөліктерін құрылыс компаниясынан МИБ (ОСИ)-ке қайтару жөнінде мәселе көтерілсе де одан әлі күнге дейін нәтиже шыққан жоқ.

Сонымен қатар оң шешімін тауып жатқан жұмыстар да аз емес. Мәслихат депутаттарының облыстық мәслихаттан Мәжіліс пен министрлікке дейін көтерген колледж ашу туралы ұсынысына президентіміздің өзі назар аударды. Ол туралы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы Ұлттық құрылтайда: «Жастардың заман талабына сай білім алуын қамтамасыз ету үшін Үкімет пен облыс әкімдігі Қосшы қаласында халықаралық деңгейдегі колледж ашуға кірісуі қажет. Қаланың Астана іргесінде тұрғанын және тұрғындарының саны тез өсіп келе жатқанын ескерсек, бұл – өте өзекті мәселе», – деген болатын. Енді бұл мәселе шешімін тапса, барша қосшылықтар үшін қуанышты жаңалық болары сөзсіз.

Көше жолдарын жөндеу, жарықтандыру, қаламызды газдандыру, абаттандыру, қаланың көркін кетіріп тұрған заңсыз сауда нүктелерін алып тастау, т.б. жұмыстар әкімдік тарапынан кешенді түрде жүргізіліп жатқанын ерекше атап өтуге болады.

Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының II республикалық форумында, одан кейін Бұрабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін, мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесіп жұмыс істеуі керектігін атап өткен болатын. Құрылтайда президентіміз: «Салық жүйесі – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды», – деген еді. Бұл сөзді қосшылық депутаттар назарда ұстай отырып, облыстағы өзге де аудан, қалалармен қатар, тиімді мөлшерлеме

көлемін 2%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Оның кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтарымыз үшін үлкен қолдау екені анық. Кәсіпкерлік дамып, салық түсімдері ұлғайса, Қосшы қаласының тұрғындарына қажетті әлеуметтік нысандарды салуға, қаламызды абаттандыруға және басқа да маңызды шаруаларды атқаруға мүмкіндіктің артары сөзсіз.

Қала болу үшін қоғамдық көліктің маңызы зор. Коммуникациясыз даму мүмкін емес. Депутаттар Астана агломерациясын дамыту жоспары аясында облыстық мәслихат депутаттарымен, Астана қаласы әкімдігі және мәслихатымен, транспорт басқармасының өкілдерімен нәтижелі кездесулер өткізіп отырып, LRT құрылысы жобасын Қосшы қаласына дейін тартуға ықпал етті. Қалааралық автобустардың жүру интервалы жақсарып келеді. Арнайы субсидия бөлу арқылы қалаішілік шағын автобустардың жүруіне жағдай жасалды.

Сайлаушылар тарапынан түсетін шағымдардың басым бөлігі жолдардың сапасына қатысты туындайды. Әр апта сайын азаматтарды қабылдау кезінде бұл тақырып міндетті түрде көтеріледі. Бұл қалаішілік жолдарымызды жөндеу, сапаны арттыру бойынша жұмысты жетілдіру керек екенін анық көрсетеді.

2025 жылы 12 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде Республика даңғылы бойынша шағын көп айтылды. Жангелдин көшесін асфальттау жұмыстары мерзімінен кеш, оқу жылы басталуға санаулы күндер қалғанда жүргізілді. Бұл көше бойынша асфальттың екінші қабатын төсеудің атқарылған жұмыс сапасын жоғалтуға себеп болатыны анық. Жол құрылысындағы осы және өзге де көшелер бойынша кемшіліктер, көше шамдарын орнату жұмыстары туралы мәслихат төрағасы Әлихан Қуатбеков бастаған барша депутат тиісті бөлімдерге сауалдар жолдаған. Мақсат Тәшеновтің тікелей қадағалауымен «Нұрай» ТК аумағындағы жолды, Дидар Кәкімжановтың бақылауымен «Орион» ТК аумағындағы жолды асфальттау және жасанды кедергі орнату туралы түйткілді мәселелер шешімін тапты. «Лесная поляна» тұрғын алабы аумағындағы жолдардың жай-күйін жақсарту, суағарларды реттеу және т.б. мәселелер Сәбит Мұратұлының жіті бақылауында болды.

Быттыр сәуір айында облыс әкімі Марат Ахметжанов мемлекеттік орган өкілдерінің, мәслихат депутаттарының және мердігер ұйымдардың қатысуымен Қосшы қаласын дамыту мәселелері жөнінде өткізген кеңесте: «Қосшы тұрғындардың сұранысынан озық дамуға тиіс», – деген болатын. Бұл сөзден өңір басшысының қаламыздағы әр істі назардан тыс қалдырмайтынын аңғаруға болады.

Ал қаламыз үшін аса қуанышты жаңалық – көптеген азаматтарымыздың баспаналы болуы. Соңғы екі жылдан бері қоғамның түрлі санатындағы тұрғын үйге мұқтаж 800-ге жуық қосшылық жаңа пәтердің кілтін алып, қоныс тойын тойлаған. «Отан – отбасыдан



басталады» десек, әр отбасында жайлы баспананың болуы бәрінен маңызды екені анық.

Ақмола облысының әкімі Марат Мұратұлының бақылауымен және Қосшы қаласы әкімдігінің іске асыруымен қаламыз көгілдір отынға қосылды. 79 көше тұрғындарына газға қосылудың мүмкіндігі туды. Алдағы уақытта жұмыстың екінші, үшінші кезеңдерін сәтті іске асыру, Тайтөбе ауылын газдандыру жұмыстары жалғасуға тиіс. Депутаттық корпус өкілдері газдандыру жобасы басталған сәттен бері жұмыстың мерзімінде, сапалы орындалуын бақылауда ұстап келеді. Осы орайда Азамат Есімұлы басқаратын қала әкімдігі өкілдерінің, АМАНАТ партиясы партиялық бақылау комиссиясының қалалық мәслихат депутаттарымен түрлі сала бойынша өзара ынтымақтастыққа нәтижелі жұмыс атқарып келе жатқанын атап өтуге болады.

Қаламызды энергетика, сумен жабдықтау салаларында ауқымды жұмыстар жүргізіліп отыр. Электр желілерін жаңарту, жөндеу жұмыстарынан бөлек, желілерді АРЭК-тің балансына беру бойынша осыған дейін біраз шаруа тындырылды. Депутаттар быттыр электр желілерін жөндеу жұмыстарына 250 млн теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Жұмыстың нәтижелі іске асуы қаламыздағы электр желісінің сапасын жақсартуға ықпал етеді, жаңбыр жауып, жел соққанда жиі болатын апаттық жағдайларды жоюға септігін тигізеді.

Сумен жабдықтауды сапалы жүргізу өте маңызды. Қала тұрғындарынан бөлек, Тайтөбе ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары Болат Үкібайұлы және өзге де депутаттардың жіті назарында болды. Қазір көптеген көшеге ауыз су берілді.

Судың сапасы – ауқымды мәселе. Бұл бағытта мәслихат депутаты Ергали Діл-

дәбек бюджет қаражатын ұтымды пайдалану үшін ғылыми негіздегі тұжырымдамалар қажет екенін ескеріп, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірлесіп отырып жұмыс істеді. Ғылыми мекеме судың сапасын жақсарту бойынша зерттеу жұмысын жүргізе отырып, бірқатар ұсыныс берді. Жұмыс қаламыздағы ауыз судың сапасы толықтай жақсарғанша жүргізіле беретін болады.

Депутат Шохан Ибраев жылу беруді мүмкіндігінше тиімді іске асырып отыр. Орталық қазандыққа резервтік электр желісі салынды. Шохан Саматұлы қазандықты реконструкциялау қажеттілігін ескере отырып жұмыс істеп келеді. Алдағы уақытта жаңа қазандық салынса, қуат қазіргіден де артып, тұрғындар тарапынан жылу беруге қатысты қыс мезгілінде көптеп түсетін шағымдар толықтай шешімін табуы қажет.

Сондай-ақ мәслихат депутаттары қаланы абаттандыру ісіне айырықша мән беріп келеді. Алдыңғы жылдары «Лесная поляна» ТА-да 5 балалар алаңының, 1 футбол алаңының салынуына ықпал етсе, тек быттырдың өзінде арнайы қаржы бөлуге себепкер бола отырып, 3 балалар ойын алаңының және 1 футбол алаңының салынуына мүмкіндік жасады. Бұл іс тікелей мәслихат төрағасы Әлихан Қуатбековтің, депутаттар Болат Абдрахманов және Ирина Осипованың бастамасымен іске асты. Абаттандыру, ойын алаңдарын салу жұмыстары 2026 жылы да жалғасады. Оған бюджеттен 90 млн тг бөлу қарастырылған.

Депутаттар Б. Сахария, А. Данабек, А. Бекбаева әлеуметтік сала мәселелері, мәдени іс-шаралар ұйымдастыру, тұрғындардың жекелеген мәселелерін шешуде табанды жұмыс жүргізіп отыр. Ақылбек Данабекұлы өскелең ұрпақты отанышыл, патриоттық рухта тәрбиелеуде, мәдениет пен өнерге баулуға өз қызметі аясында көптеген бастама көтере отырып, қала мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Депутаттық корпус өкілдері атынан

білім беру, денсаулық сақтау, стратегиялық маңызы бар нысандардың құрылыс жұмыстары бойынша қалалық бөлімдерге, облыстық басқармаларға көптеген сауал жолданды. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, депутаттар сайлауалды бағдарламаларын іске асыруда өз округтері бойынша тұрғындармен байланыс орната отырып, бұдан өзге де көптеген мәселенің оң шешімін табуына қол жеткізді.

Бұқаралық іс-шаралар да назардан тыс қалмады. Қаңтар айында Сәбит Дүкенбаевтың демеушілігімен джиу-житсудан Ақмола облысының ашық біріншілігі жоғары деңгейде өтсе, сәуір айында Сәбит Мұратұлы мен Дидар Бөлтірікұлы волейбол турниріне демеушілік жасады. Болат Үкібайұлы өз қаражатымен мүгедектігі бар спортшыларымызға спорттық форма алып берді. Динара Райханова Республика күні қарсаңында «АҚҚУ» мүгедектер және егде жастағы азаматтарға көмек көрсету орталығы» қоғамдық бірлестігіне қол ұшын созып, 300 мың теңгеден аса қаржыға азық-түлік және т.б. қажетті заттарын алуға мүмкіндік жасады.

Қазақ халқы – әрдайым қариясын ардақтап, үлкенге құрмет көрсете білген текті жұрт. Мәслихат депутаты Дидар Кәкімжановтың қаржылай қолдауымен сәуір айында ардагерлер арасында шахмат турнирі лайықты деңгейде ұйымдастырылды. Ал Қарттар күні қарсаңында мәслихат төрағасы Әлихан Қуатбеков, депутаттар Дидар Кәкімжанов және Ақылбек Данабекұлының ұйымдастыруымен Астана қаласынан «Елорда» ардагерлер хорының ұжымы шақырылып, Қосшы тұрғындарына мерекелік көңіл пұй сыйлады.

Мәслихат депутаттары сайлауалды бағдарламаларын орындауда әрдайым атқарушы органдармен, қоғам өкілдерімен бірлесіп отырып, өз қызметтерін жалғастыра бермек.

Қуаныш ТЫНЫБЕК,
Қосшы қаласы мәслихатының
баспасөз хатшысы



Ата Заң ашық форматта түсіндірілді

Қосшы қалалық кітапханасында «Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттің негізгі заңы» тақырыбында ашық диалог өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – оқырманның құқықтық сауатын арттыру, Ата Заңның қоғам өміріндегі маңызын кеңінен насихаттау.

Ашық диалогқа арнайы шақырылған қоғамдық бағамның мүшелері, Құқық қорғау органдары академиясы Жалпы заң кафедрасының меңгерушісі, әділет кеңесшісі, PhD докторы Артур Баймаханов, Аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Миркен Әлібекова қатысып, мазмұнды пікір алмасты.

Кездесуде Конституцияның негізгі қағидаттары, азаматтардың құқығы мен міндеттері, заң үстемдігі және сайлау жүйесінің маңызы туралы өзекті мәселелер қозғалды. Қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға нақты жауап алып, еркін форматта ой бөлісті.



Жастарға ой салған кездесу



Іс-шара Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында ұйымдастырылып, жастарға XXI ғасырда қажет ең маңызды қасиеттер мен дағдылар туралы тың әрі пайдалы ақпарат ұсынылды. Онда заманауи ойлау, цифрлық сауаттылық, сыни көзқарас, өзгерістерге бейімделу, сондай-ақ болашақ мамандықтардың ерекшеліктері кеңінен талқыланды.

Спикер – білім беру және жастарды

дамыту саласындағы сарапшы, әлеуметтік жобалардың авторы Батырхан Бейсембеков. Ол бүгінгі жастардың тек дипломмен шектелмей, үнемі дамуға, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге ұмтылуы қажет екенін атап өтті. Спикердің айтуынша, болашақта табысты болу үшін тек кәсіби білім емес, икемділік, креативті ойлау және технологиямен жұмыс істей білу аса маңызды.

XXI ғасыр – білім мен технологияның, өзгеріс пен жаңашылдықтың ғасыры. Осындай қарқынды дамып жатқан кезеңде жастардың заман талабына сай бейімделуі, өз әлеуетін ашуы аса маңызды. Осы мақсатта Қосшы қаласы Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Болашақтың дағдылары» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Семинар қатысушылары үшін бұл кездесу ой салатын, мотивация беретін әрі бағыт-бағдар көрсететін алаңға айналды.

Жастар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, болашаққа деген көзқарасты қайта айқындауға мүмкіндік алды.

Лаура ТАРҒЫН,
ЖРО маманы

Бала тәрбиесі тек бір адамның немесе бір мекеменің ғана міндеті емес, ол – отбасы, мектеп және қоғамның ортақ жауапкершілігі. Осы ұштағанның үйлесімді әрекеті – бала тұлғасының қалыптасуындағы басты тірек. Мұны педагогикада «үштік одақ» деп атаймыз.

Бала тәрбиесіндегі үштік одақтың маңызы

Отбасы – тәрбиенің бастауы. Бала дүниеге келген сәттен бастап оның алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасындағы қарым-қатынас, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбекке баулу, бойына ұлттық құндылықтар қасиетін сіңіру ісі баланың мінез-құлқы мен дүниетанымының негізін қалайды. Үйде көрген тәрбие мектептегі білімнің мазмұнын толықтырып, баланың өмірлік ұстанымын қалыптастырады. Отбасында мейірім мен түсіністікке негізделген орта болған жағдайда ғана бала өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары тұлға болып өседі.

Мектеп – тек білім беретін мекеме емес, тұлға қалыптастыратын тәрбие ордасы. Мұғалім – баланың екінші ата-анасы. Ұстаздың әр сөзі, әр әрекеті – оқушыға үлгі. Сабақ үстіндегі тәрбие, сыныптан тыс іс-шаралар, қоғамдық жұмыстарға тарту – баланың азаматтық көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Мектеп пен ата-ана арасындағы тұрақты байланыс болғанда ғана баланың даму жолы жүйелі әрі нәтижелі болады.

Қоғам – тәрбиенің кеңістігі. Бала тек үй мен мектеп шеңберінде ғана емес, қоғамда да қалыптасады. Көшедегі қарым-қатынас, әлеуметтік орта, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдени іс-шаралар баланың санасына әсер етеді.

Қоғамдық орта неғұрлым мәдениетті, жауапты әрі құндылыққа негізделген болса, бала да сол ортаға сай өседі. Сондықтан қоғам мүшелерінің бала тәрбиесіне бейжай қарамауы – ортақ парыз.

Үштік одақтың үйлесімі – табысты тәрбиенің кепілі. Отбасы, мектеп және қоғам бір мақсатта, бір бағытта жұмыс істегенде ғана балаға қойылатын талаптар мен берілетін тәрбие бірізді болады. Егер ата-ана бір құндылықты үйретіп, мектеп басқа бағытта тәрбиелеп, қоғам оған кері әсер етсе, бала санасында қайшылық туындайды. Ал үш тарап өзара келісімде әрекет еткенде, балада тұтастық, тұрақтылық және сенім қалыптасады.

Бүгінгі заман – ақпараттың көп, ықпалдың сан алуан кезеңі. Мұндай жағдайда баланы адастырмай, дұрыс жолға бағыттау үшін үштік одақтың рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Әр ата-ана, әр ұстаз, әр қоғам мүшесі өз орнын, жауапкершілігін терең сезінгенде ғана ұлт болашағы нық, рухы мықты, санасы сергек ұрпақ тәрбиелей аламыз.

София САЛЫҚОВА,
«Бизнес академия «Дара»
мектеп-лицейі
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі



БЕСІНШІ СЫНЫПТАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІК

Қосшы қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебінде 5-сынып оқушылары және олардың ата-аналарының қатысуымен «Толағай» отбасылық спорттық эстафетасы ұйымдастырылды. Саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған шара тартысты әрі қызықты өтті.



Жарыстың басты мақсаты – саламатты өмір салтын насихаттау және отбасылық құндылықтарды дәріптеу, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, отбасы мүшелерінің арасындағы сенімді, достық қарым-қатынасты дамыту, балаларды спортқа баулу және бос уақытты тиімді өткізу мәдениетін қалыптастыру.

Сайысқа 5-сынып оқушыларынан 5 команда ата-анасы және бауырларымен қатысты.

Атап өтер болсақ:

- 5 «А» сынып оқушысы Әлихан Айдосұлы атасымен;
- 5 «Б» сынып оқушысы Адина Бекболат әкесі Арысбек Әлімовпен;
- 5 «Б» сынып оқушысы Айсылтан Жұмаділ әкесі Әсет Жұмаділов және қарындасы Айару Жұмаділмен;
- 5 «Г» сынып оқушысы Хамза Қамбарбек анасымен және сыныптасы

Олжас Дамыбекулымен;

5 «З» сынып оқушысы Нұралы Оралбек анасы және әкесімен қатысты.

Эстафета бірнеше кезеңнен тұрды. Қатысушылар жылдамдыққа, ептілікке және командалық ауызбіршілікке негізделген тапсырмаларды орындады.

Жіктеп айтқанда:

1. «Таныстыру» бөлімінде әр отбасы өздерінің ұраны мен топ атын таныстырып, ерекше дайындықпен келгендерін көрсетті.
2. Кедргілер арқылы жүгіру – әкелердің күші, аналардың жинақылығы мен балалардың шапшаңдығы сыналған сәт.
3. «Кім жылдам?» – доппен, шығыршықпен (обруч) жасалатын жаттығулар жиынтығы.
4. Қаппен секіру және арқан тартыста сайыстың ең қызықты әрі

толқынысты сәттері көрерменнің делебесін қоздырды.

Жарыста ата-аналар балаларымен бірге бір команда болып, жеңіске деген талпыныстарын көрсетті. Балалар үшін өз ата-анасының спорттық қабілетін көру үлкен мотивация болса, ата-аналар үшін бұл шара – балаларымен сапалы уақыт өткізудің таптырмас бір мүмкіндігі.

Сайыс соңында қазылар алқасы үздік шыққан отбасыларды анықтап, мектеп әкімшілігі тарапынан мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапаттады.

Осылайша, көтеріңкі көңіл-күймен аяқталған «Толағай» эстафетасы Қосшы қаласы №2 мектебінің оқушылары мен ата-аналарына ұмытылмас әсер сыйлады.

Сымбат ӘБИЕВА,
тәлімгер

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ
Бас редактордың орынбасары
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархаббат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № КЗ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, КЗ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz